

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,  
«Министрліктер Үйі» тел: (7172) 74-17-68

010000, город Астана,  
«Дом Министерства» тел: (7172) 74-17-68

№ \_\_\_\_\_

## Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына

2023 жылғы 6 қазандағы № ДЗ - 382

### Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (*бұдан әрі - ҒЖБМ*) білім беру жүйесіндегі қаржылық сауаттылықты арттыруға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жоғары оқу орындарына заңнамалық деңгейде<sup>1</sup> академиялық дербестік беруге байланысты білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту жоғары оқу орындарының өз құзыретіне жатады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында<sup>2</sup> (бұдан әрі - МЖМБС) ЖОО компонентінің жалпы білім беретін пәндері және таңдау бойынша оның ішінде экономика және құқық, кәсіпкерлік дағдылары және т.б. салаларда компоненті көзделген.

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру, жеке қаржыны басқару саласында құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында «қаржылық тәуекелдер», «қаржылық сауаттылық», «қаржы нарығына кіріспе», «қаржылық тәуекелдерді басқару», «қаржы негіздері», «кәсіпорындардағы қаржылық талдау» және т.б. пәндер оқытылады.

Аталған пәндер бойынша дәріс оқу үшін практиктер – қаржы құрылымдарының менеджерлері және банк қызметкерлері шақырылады.

Жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысы мен оқу-зерттеу қызметі шеңберінде қаржылық сауаттылықты арттыруға және өз табысын дұрыс бөлуге бағытталған іс-шаралар, түрлі конкурстар өткізіледі. Білім беру ұйымдарының несиелеу және қарыздарды қайтармау, қаржылық алаяқтықтың алдын алу, лудомания мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

<sup>1</sup> 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

<sup>2</sup> 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітілген

ҒЖБМ 2020-2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасын<sup>3</sup> (бұдан әрі - Тұжырымдама) іске асыру шеңберінде мүдделі органдармен бірлесіп, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Мәселен, тұтынушылық банктік қарыздар мен азаматтардың микрокредиттері<sup>4</sup> бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу бағыты бойынша тиісті алгоритм әзірлеу жоспарлануда. Ол үшін барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларда жобалық офистер құрылатын болады, онда қарыз алушыларға олардың борыштық жүктемесін төмендету жөніндегі жеке жоспарларды әзірлеуге жәрдемдесетін болады.

Ақпараттық жұмыс аясында үлкен балалар мен жастарды оқытуға көп көңіл бөлінеді. Балалар мен студенттерге арналған әлеуметтік желілерде 2,2 млн қаралымды қамтитын қаржылық сауаттылықтың базалық білімі бойынша 135-ке жуық білім беру бағдарламасы іске қосылды. Азаматтарды барынша қамту үшін ағымдағы жылғы қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) «Бес минут [fingramota.kz](http://fingramota.kz)» барлық нысаналы топтар үшін «Жұлдыз FM» толқынында радиобағдарламалар сериясын іске қосты.

Халықтың нысаналы топтарының қаржылық білімін арттыру үшін оқушыларға, студенттерге және ересек тұрғындарға қаржылық сауаттылық бойынша оқыту іс-шараларын өткізудің бірыңғай жоспары іске асырылады. Ағымдағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Агенттік 16,5 мыңнан астам тыңдаушыны қамти отырып, 317 білім беру іс - шарасын өткізді, оның 2,2 мыңы жалпы білім беретін мектептер мен лицейлердің оқушылары, 5,4 мыңы колледждердің және жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Агенттік «АМАНАТ» партиясымен, ҒЖБМ және ОМ-мен бірлесіп, «Қарызсыз қоғам» жобасын масштабтау бойынша қажетті шараларды пысықтауда. Оқушылар мен студенттер үшін қаржылық сауаттылық бойынша бірыңғай әдістемелер мен оқу құралдары әзірленетін болады. Сондай-ақ, «АМАНАТ» партиясымен бірлесіп колледждер мен жоғары оқу орындарында оқытушыларды оқыту үшін қаржы сарапшылары дайындалады.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде келесі оқу жылынан бастап «Қаржылық сауаттылық негіздері» курстары еліміздің барлық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізілетін болады.

Мемлекет басшысының Жолдауын орындау мақсатында халықта жинақтау мәдениетін қалыптастыру үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеу, кепілсіз кредит беру үшін «Келешек» бірыңғай ортақ жинақтау жүйесін енгізу жоспарлануда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз білім беру жүйесінде қаржылық сауаттылықты оқытудың бірыңғай мемлекеттік білім беру стандартын әзірлеу мүмкін емес деп санаймыз, өйткені бұл жұмысты бүгінгі таңда қолданыстағы

<sup>3</sup> 2020 жылғы 30 мамылдағы № 338 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген

<sup>4</sup> 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 1021 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

МЖМБС, білім беру бағдарламалары және білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер шеңберінде реттеуге болады.

Білім беру жүйесінде азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Министр**

**С.Нұрбек**

Орынд.: Д.Иргібаев  
Тел.: 74-21-02  
[d.irgibaev@sci.gov.kz](mailto:d.irgibaev@sci.gov.kz)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,  
«Министрліктер Үйі» тел: (7172) 74-17-68

010000, город Астана,  
«Дом Министерства» тел: (7172) 74-17-68

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДЗ-382 от 6 октября 2023 года

**Уважаемые депутаты!**

Министерство науки и высшего образования РК (далее - Министерство), рассмотрев депутатский запрос касательно повышения финансовой грамотности в системе образования, сообщает следующее.

В связи с предоставлением вузам на законодательном уровне<sup>1</sup> академической самостоятельности разработка и утверждение образовательных программ относится к компетенции самих вузов.

В государственном общеобязательном стандарте высшего и послевузовского образования<sup>2</sup> (далее - ГОСО) предусмотрены общеобразовательные дисциплины вузовского компонента и компонента по выбору, в том числе в области экономики и права, навыков предпринимательства и другие.

С целью повышения финансовой грамотности обучающихся, формирования компетенций в области управления личными финансами на сегодня в вузах изучаются такие дисциплины как «Финансовые риски», «Финансовая грамотность», «Введение в финансовый рынок», «Управление финансовыми рисками», «Основы финансов», «Финансовый анализ на предприятиях» и другие.

Для чтения лекций по указанным дисциплинам приглашаются практики – менеджеры финансовых структур и работники банков.

В рамках воспитательной работы и учебно-исследовательской деятельности вузов проводятся мероприятия, различные конкурсы, направленные на повышение финансовой грамотности и правильного распределения собственного дохода. Уделяется большое внимание вопросам кредитования и невозвратности займов, профилактики финансового мошенничества, лудомании организациями образования.

В рамках реализации Концепции повышения финансовой грамотности на

<sup>1</sup> Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III.

<sup>2</sup> Утверждены Приказ Министра науки и высшего образования от 20 июля 2022 года № 2

2020-2024 годы<sup>3</sup> (далее-Концепция) Министерством совместно с заинтересованными органами ведется планомерная работа по повышению финансовой грамотности граждан. Так, Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее - Агентство) по направлению урегулирования просроченной задолженности по потребительским банковским займам и микрокредитам граждан<sup>4</sup> планируется разработать соответствующий алгоритм. Для этого во всех областях и городах республиканского значения будут созданы проектные офисы, в которых заемщикам окажут содействие в разработке индивидуальных планов по снижению их долговой нагрузки.

В рамках информационной работы больший акцент делается на обучении детей старшего возраста и молодежи. В социальных сетях для детей и студентов запущено порядка 135 образовательных программ по базовым знаниям финансовой грамотности с охватом 2,2 млн просмотров. Для максимального охвата граждан с сентября т.г. Агентством запущены серии радиопрограмм «Пять минут с [fingramota.kz](http://fingramota.kz)» на волне «Жұлдыз FM» для всех целевых групп.

Для повышения финансового образования целевых групп населения реализуется Единый план проведения обучающих мероприятий по финансовой грамотности для школьников, студентов и взрослого населения. По состоянию на 1 октября т.г. Агентством проведено 317 образовательных мероприятий с охватом более 16,5 тыс. слушателей, из которых 2,2 тыс. являются учащимися общеобразовательных школ и лицеев, 5,4 тыс. - студентами и преподавателями колледжей и вузов.

Кроме этого, во исполнение поручения Главы государства Агентством совместно с партией «AMANAT», МНВО и МП прорабатываются необходимые меры по масштабированию проекта «Қарызсыз қоғам». Будут разработаны единые методики и учебные пособия по финансовой грамотности для школьников и студентов. Также будут подготовлены финансовые эксперты для обучения преподавателей в колледжах и вузах совместно с партией «AMANAT».

В рамках реализации данного проекта со следующего учебного года курсы «Основы финансовой грамотности» будут внедрены в образовательные программы всех вузов страны.

Во исполнение Послания Главы государства для формирования у населения культуры накопления планируется внедрить единую солидарную накопительную систему «Келешек» для оплаты образовательных услуг, беззалогового кредитования.

На основании изложенного, считаем нецелесообразным разработку единого государственного образовательного стандарта обучения финансовой грамотности в системе образования, так как данную работу можно регламентировать в рамках, имеющихся на сегодняшний день ГОСО, образовательных программ и нормативных правовых актов в сфере образования.

Работа по повышению финансовой грамотности граждан в системе

---

<sup>3</sup> Утверждена Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 мая 2020 года № 338.

<sup>4</sup> Указ Президента Республики Казахстан от 26 сентября 2022 года № 1021.

образования продолжается и находится на постоянном контроле Министерства.

**Министр**

**С. Нурбек**

*Исп.: Д.Иргibaев*  
*Тел.: 74-21-02*  
[d.irgibaev@sci.gov.kz](mailto:d.irgibaev@sci.gov.kz)

